

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанында Мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну стандарттарын әзірлеу жөніндегі комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 28 қантар N 102. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.03.20. N 358 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің 2002 жылғы 7-8 қарашадағы N 23-12/И-1020 мәжілісі хаттамасының 4-тармағын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанында Мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну стандарттарын әзірлеу жөніндегі комиссия құрылсын.

2. Қоса берілу отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну стандарттарын әзірлеу жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 28 қантардағы
N 102 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну стандарттарын әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамы

Мұхаметжанов
Бауыржан Әлімұлы
төраға

Келімбетов
Қайрат Нематұлы
төрағаның орынбасары

Тұрысбеков
Зауытбек Қауысбекұлы

- Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары,

- Қазақстан Республикасының
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрі,

- Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері

жөніндегі агенттігінің
тәрағасы (келісім бойынша),
тәрағаның орынбасары

<p>Қарағұсова Гүлжан Жанпейісқызы</p> <p>Кәкімжанов Зейнолла Халидоллаұлы Ким Георгий Владимирович Сүлейменов Қайырбек Шошанұлы Бұлғақбаев Болатбек Ақылбайұлы</p> <p>Сапарбаев Бердібек Мәшбекұлы</p> <p>Дауылбаев Асхат Қайзоллаұлы (келісім бойынша)</p> <p>Нұриманов Мақсұт Әнуарбекұлы (келісім бойынша)</p> <p>Әкімбеков Назымбек Қыздарбекұлы</p> <p>Егінбаева Жанна Даcherovna</p> <p>Қазақстан Y к і м е т і н ің 2 0 0 3 жылғы N 1 0 2 бекітілген</p>	<p>- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі</p> <p>- Қазақстан Республикасының Қаржы министрі</p> <p>- Қазақстан Республикасының Әділет министрі</p> <p>- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі</p> <p>- Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы</p> <p>- Қазақстан Республикасы Кедендейк бақылау</p> <p>- Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары</p> <p>- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті тәрағасының орынбасары</p> <p>- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімінің менгерушісі</p> <p>- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Заң бөлімінің менгерушісі</p> <p>Республикасы</p> <p>28 қантардағы</p> <p>жылғы 28 қантардағы қаулысымен</p>
---	--

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну стандарттарын әзірлеу жөніндегі комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну стандарттарын әзірлеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кенесші орган болып табылады.

2. Комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

3. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету тізбелері мен оларды ұсыну стандарттарын, сондай-ақ әкімшілік рәсімдерді регламенттейтін және оқайлататын тиісті нұсқаулықтарды әзірлеу және бекіту;

2) құқық қорғау органдарында мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

4. Комиссия жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында заңнамада
белгіленген тәртіппен:

1) тиісті мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес үйымдардың өкілдерін, азаматтарды қатыстырып, тақырыптық мәжілістер өткізуге;

2) Комиссиядағы жұмыс үшін ғалымдар, қоғамның белсенді өкілдері, мемлекеттік басқару органдары өкілдері қатарынан сарапшылар мен консультанттарды және өзге де мамандарды тартуға;

3) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты, талдамалық, анықтамалық-статистикалық материалдарды, сондай-ақ ведомстволық құқықтық кесімдерді алуға;

4) үкіметтік емес үйымдар мен азаматтардың мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлеу мәселелері жөнінде ұсыныстар мен ескертулерді есепке алуды жүзеге асыруға құқылы.

3. Комиссияның қызметін үйымдастыру

5. Комиссияны оның қызметіне басшылық жасайтын, Комиссияның мәжілістерінде төрағалық ететін, оның жұмысын жоспарлайтын, оның

шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асыратын және Комиссия жүзеге асыратын қызметке жауап беретін төраға басқарады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.

6. Мемлекеттік органдардан Комиссияның құрамына мемлекеттік орган бірінші басшысының немесе басшы орынбасарының деңгейінде мәртебесі бар екілдері кіреді.

7. Комиссияның жұмыс органдарының функциялары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігіне (келісім бойынша) жүктеледі.

8. Комиссияның жұмыс органдары:

- 1) Комиссия мәжілісінің күн тәртібін қалыптастырады;
- 2) Комиссия шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және бақылайды;
- 3) Комиссия мүшелерінің және оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді.

9. Комиссия мәжілістерінде қарауға арналған мәселелер тізбесі қажеттілігіне қарай жасалады және оны төраға бекітеді.

10. Бекітілген тізбе Комиссия мүшелеріне тізім бойынша жөнелтіледі.

11. Комиссия мәжілісінің нәтижелері бойынша төраға қол қоятын хаттама жасалады. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру жолымен қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады және егер олар үшін Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

12. Комиссияның шешімі ұсынымдық сипатта болады.

13. Комиссия мүшелерінің айрықша пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде баяндалуы және Комиссия мәжілісінің хаттамасына қоса берілуі тиіс.

14. Комиссия мәжілісі қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына бір реттен сиретпей өткізіледі және оны төраға шақырады. Шұғыл шешім қабылдау қажет болған жағдайларда төрағаның шақыруы бойынша Комиссияның кезектен тыс мәжілісі өткізуі мүмкін.

15. Төрағаның шақыруы бойынша Комиссияның мәжілісіне, сондай-ақ ұсыныстары қаралатын мүдделі мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды тұлғалары қатыса алады.